

«Бекітемін»
«Армантай» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі
Усебова Л.Р.

Гүлдерді күту!



Тәрбиеші: Дарибаева Б.

Шымкент 2022 ж

Білім беру саласы: Таным

Оқу қызметі: Жаратылыстану

Тақырыбы: Гулдерді куту

Мақсаты: Балалардың табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы білімдерін толықтыру .Бөлме өсімдіктерін қалай куту керектігін іс жүзінде көрсету арқылы еңбекқорлыққа баулу.

Көрнекіліктер: Суреттер ,бөлме гулдері , тамырланған гул ,ыдыс гуащ ,картошка ,губка

Шаттық шеңбері

Жарқырап күн ашылды

Айнала гүлге шашылды

Біз нәзік қыздармыз.

Біз ержігіт ұлдармыз

Қайырлы күн достарым

Балалар қараңдаршы біздің топқа бүгін көп қонактар келіпті.Кәне амандасайық.

Балалар: Сәлеметсіздерме!

Тәрбиеші: Енді әдемі отырып, мені мұқият тындаңдар

Қазір жылдың қай мезгілі?

Көктемде қанша ай бар?

Көктемде қандай өзгерістер болады?

Тәрбиеші: Гулдейді демекші балалар мен бүгін топқа келе жатқанда дәрізде ,бір гүлді тауып алдым,(сол гүлді топқа әкелдім қураған гүлді көрсету.)

Сендер мына гүлді білесіңдерма

Ал бізде осы гүл бар ма топта ?

Үстелдің үстіне қойып ,жанына екінші
гүлмен салыстыру үшін қою.

Балалар салыстырады, кураған гүлге көмек керек екен.

- Балалар, гүлдер не үшін керек? Гүлдер әдемілік үшін
керек, гүлді туған күн иесіне, мерекеде аналарға сыйлау
үшін керек. Гүлдер ауаны тазартады.

Кімнің уйінде гүл бар?

Сергіту сәті

Қане біздің сабағымызға қонаққа Ара мен Көбелек келіпті

Ара Алихан

Аралайды қырлайды

Шаң тозаңды жинайды

Әдемі гүлдер өсірсен

Саған балын жинайды

Көбелек Раяна

Көріп жаздың қызығын

Гүлден гүлге самғаймын

Гүлдің ерке қызымын

Гүлден өзім аумаймын

Сергіту сәті Бала балақан

Шығармашылық сурет салу

Сергіту сәті:

Жалғыз саусақ тіпті де

Ұстай алмас жіпті де

Екі саусақ бірікті

Ине қолға ілікті

Үш саусағым орамды

Жүгіртеді қаламды

Қала салсақ жол салсақ

Өнерлі екен он саусақ

Жарайсыңдар !

Қорытынды: Балалар не туралы әңгімеледік?